

"Эстрадалық вокал" үйірмесінің жоспары

БАҒДАРЛАМА

Үйірме «Вокал»

Музыка - сурет, театр, поэзия сияқты өмір мен адам жанының құбылыстарын бейнелейтін көркемөнердің бір түрі. Музыка - адамның ішкі жан дүниесін жадыратуға, нәзік сзімдерін оятып, қоғамдық мақсаттарды дәріптеуге жалпы өмірдің мән - мағынасын түсініп білуге көмектеседі. Музыка - әсем, дыбыстар тілімен сөйлесетін сезімге құрылған күрделі өнер, ол түрлі жанрларға, ұлттық тарихы жекеше стильдерге, түрлі музыкалық тілдерге бөлінеді.

Түсінік хат

Ән айтуды үйретудің басты мақсат - әнді дұрыс айту үшін алдымен оның орындалу әдіс - тәсілін, ережелерін білу қажет. Балалар ән айту үшін ең қалай тыныс алу керектігін үйреніп, дыбысты шығару үшін оны қалай пайдалануға болатынын бөліп ажыратқан жөн. Адам денесіндегі тыныстық ауа легін жинайтын мүше - өкпе. Сол өкпеден жиналған ауаны үн шығаратын көмей арқылы ән айту дыбыстарында музыкалық сөз тізбегіне /фраза/ лайықтап шығарады. Әрбір сөз сөз тізбегіне байланысты әнші жаңадан тыныс алып отырады. Ән айтқанда көмейден шыққан дыбыс тыныс жолдары - жұтқыншақ, ауыз қуысы, кеуде бас кеңірсек дыбыс тербелістерін жасаушы/ резенаторлар/ дене мүшелері арқылы күшейіп естіледі. Яғни, дұрыс тыныс алу әншілік өнердегі басты алғы шарттардың бірі. Дұрыс тыныс алу мен оны тиісті сөз тізбегіне шақтап пайдалану дыбыстың да, сөздің де әрі айқын, әрі екпінді шығуының кепілі.

Әнші денесін болбыр ұстап тұрмаса шығарушы дене мүшелерінің қызметі төмендейді. Сөйтіп, ән дәрежесінде шықпайды. Сондықтан да, ән салғанда дене мүшелерін дұрыс ұстау ән айту ережелерін сақтау керек. Әншінің міндеті - сол тыныс үшін ішкі тартқан ауаны әннің ұзақтығымен мәнеріне сәйкес мөлшермен өлшеп шығару. Мұндайда, есте сақтайтын тағы бір шарт музыкалық сөз тізбегінің ырғақтық екпініне қарай жұмсалатын тыныстық ауа әртүрлі аз не көп мөлшерде біртіндеп өлшеммен жұмсалуды қажет. Балалар үшін үйірме алдында бөлмені тазартып, желдетіп алу керек. Әнші болу үшін әр бала өзінің бойындағы табиғи әншілік қабілеті бар - жоғын ескерген дұрыс. Ал, жалпы әншілік өнердің кім - кімге де артықтығы жоқ.

Мақсаты:

Аспаптық шығарманың сипаты мен көркемдік құралдарын анықтай білуге;
Баланы әсемдік әлеміне дыбыс арқылы жетелей отырып, сұлулық, ізгілік, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіруді, қоршаған дүниенің шындығын көркем құралдар арқылы түсіндіру.

Жеке тұлғаның рухани мәнін ашу, шығармашылық өнер негізінде шығармашылық жағынан дамыту;

Оқушыларды музыкалық мәдениетін озық үлгілерімен таныстыру;

Оқушыларды әлемдік музыкалық композиторлардың және ҚР - ның белгілі композиторлардың әндерімен таныстыру;

Музыкалық шығармалармен тек мектептегі сабақта ғана танысып қоймай оларды теледидардың, радио хабардан, концерттерден де тындап жанрларды ажырата білуге;

Ұнаған шығарманы есте сақтап дәптерлеріне оның атын композиторының орындаушысының аты - жөнін жазып, оны басқа орындаушылармен салыстырып, орындаушылық ерекшеліктерін ажырату;

Кітаптармен басылымдардан музыка композитор орындаушылар жөнінде мәліметтерді

оқи жүру;

Ән айту ережелерін үйрену;

Әннің мазмұнын түсініп орындалу және де оны көрерменге жеткізе білуге үйрену;

Міндеттері:

- әншілік өнердің даму тарихымен, кәсіби және халық ауыз шығармашылық дәстүрлерімен, оның көп түрлі құрамымен танысу;
- оқушыларға ән айту ережелерімен және сахна мәдениетінің қыр - сырларын тереңдете үйрету;
- кәсіби музыканың ерекшеліктерін ажырата білу біліктерін дамыту;
- музыка сауатты негізімен қаруландыру;
- музыканы тыңдау,
- үйренген музыкалық шығармалардың авторларымен таныстырып, қандай жанр түрлерінен жататынын анықтай білуге;
- оқушыларды жеке және хормен қосылып ән айтуға үйрету;
- әртүрлі құралдардың дыбыс үніндегі дыбыс бояуын ажырата білу біліктілігіне үйрету;
- орындаушылық машығын тәрбиелеу, музыкалық жан - жақтығын кеңейту;
- сауаттылығын дамыту;
- вокалды хор дағдысын қалыптастыруға жағдай жасау;
- екі дауысты ән айту үшін өзінің тобында айтылатын әуенді жақсы білу;
- оқушылар бір топтың әуенін, ал мұғалім екінші топтың әуенін орындаса, әуендегі дыбыстардың нотадағы қозғалысын бақылауға тырысу;
- оқушылар әнді екі дауыста ән айту дұрыс орындаса, өз әуенінің басқа топтағы әуенді тыңдау;
- оқушылар мұғалімнің көмегінсіз әнді екі дауыста орындаса, ән үйретіліп болды деген сөз;

Ұсынылатын шығармалар

Қазақтың ән - музыка өнерінде балаларға арналған шығармалардың орны айрықша білуі тиіс. Кеңес заманында балаларға арналған әндер бірқалыпты жақсы дамып, балалардың музыкалық - эстетикалық талғамына сай кең өріс алғанын жоққа шығара алмаймыз. Алайда, қазақ балаларына арналған әндердің көп болғандығы көңілімізді көншітпейтіндігі рас. Әсіресе, еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдары балалар әдебиетінің бәсең тартуы секілді, балаларға арналып жазылған әндер некен – саяқ ұшырасатынын қазіргі өнер адамдары жақсы біледі.

Кең байтақ Қазақстанның түкпір - түкпірінде балалар әнін жазатын шығармашылық адамдар яғни, сазгерлер көріне бастады.

Сонымен қатар, балалардың шығармашылығына үміт болған қазақтың әндері мен тұрмыс салт жырларын «Бесік жыры», «Жар - жар» Т. б. қолдануға болады.

Әрдайым жас балдырған балалардың жас ерекшелігіне, таным - түсінігіне, эстетикалық талғамына сай ән таңдай білу қажет. Баланың тіліне жеңіл, оңай орамда, лирикалық сазға негізделген патриоттық рухтағы әндер әрқашанда репертуарда болуға міндетті. Бұл әндер жас жеткіншектерді өз Отанын сүйуге, аялап әсемдігін сезінуге үйретеді.

Білімге, икемділікке және машықтарға қойылатын талаптар

Педагог білуі қажет:

- дауыс аппаратының дамуымен және жұмыс жасау;
- музыкалық шығармаға анализ жасау;
- тональносты анықтау;

- вокалдық музыка арқылы оқу тәрбие процесіндегі іс-шараларды өткізе алуға дайындау;
- балалар дауысымен жұмыс жүргізу әдістемесін үйрету;
- формасы мен мазмұнын білу;
- вокалдық техникалық қиыншылықтарды анықтау;
- әншілік дұрыс дем алуды ұғыну;
- әншілік дұрыс артикуляцияны білу;
- ашық және дұрыс дикция.

«Эстрадалық жанр» оқыту пәні барлық музыкалық пәндермен тығыз байланыста:

- музыка пәні;
 - дирижерлау;
 - сольфеджио;
 - музыка теориясы;
 - хор;
 - музыка әдебиеті;
 - музыка тарихы.

Ән айту дағдылары және қойылатын талаптар

- Ән айту барысындағы орындаушының басының, кеудесінің дұрыс ұстауын қадағалау. Отырып және тұрып ән айту дағдылары.
- Ән айтпас бұрын тыныс алу. Бір мезгілде тыныс ала отырып ән айтуды бастау.
- Әннің (баяу, жылдам) характеріне байланысты әртүрлі тыныс алу. Ән айту барысында тыныс алудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдану (жылдам орындалатын шығармаларда қысқа және белсенді тыныс алу немесе баяу орындалатын шығармаларда асықпай және белсенді тыныс алу, т.с.с.).
- Үзбей тыныс алуды (цепное дыхание) үйрету.

Вокал үйірмесінің жылдық жоспары (1-2 сыныптар)

Аптасына 4 рет, жылдық жүктеме – 136 сағат

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Өту мерзімі	Теория	Практика
1	Үйірмеге қатысушылармен танысу	2 сағат	04.09	Үйірменің мақсаты мен міндеттері, ән айтудың маңызы	Оқушылардың дауыстарын тыңдау, алғашқы жаттығулар
2	Дұрыс тыныс алу техникасы	3 сағат	08.09 09.09	Дұрыс тыныс алу түрлері, диафрагмалық тыныс	Тыныс алу жаттығулары, демді ұзақ ұстау
3	Дауыс жаттығулары «Ұстаз-ұлағатты есім»(ұстаздар мерекесіне байланысты әндер)	4 сағат	11.09 15.09 16.09	Дауыс аппаратының құрылымы, оны жаттықтыру	Гамма және артикуляциялық жаттығулар. Әндерді орындау
4	Ән айтудағы дене ұстанымы. «Ұстазым» әні	3 сағат	18.09 22.09	Дұрыс позаның маңызы, еркіндік және дене қозғалысы	Айна алдында жаттығулар орындау. Әндерді орындау
5	Қарапайым әуендерді үйрену	4 сағат	23.09 25.09 29.09 30.09	Әуеннің құрылымы, жеңіл балалар әндерінің ерекшелігі	Қарапайым әуендерді айту, ритм сезіну
6	Дыбыс шығару техникасы. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты»	3 сағат	02.10 06.10 07.10	Дыбыс регистрлері (төмен, орта, жоғары)	Әуенді дұрыс дыбыстау жаттығулары
7	Дауыс күшін бақылау. Әндер үйрену	4 сағат	09.10 13.10 14.10	Дауыс күшін реттеу әдістері	Әуенді баяу және қатты орындап көру
8	Балалар арналған жеңіл әндер үйрену, орындау. Алтын күз мерекесіне орай әндер үйрену	4 сағат	16.10 20.10 21.10 23.10	Балалар әндерінің ритмі мен мелодиясы	Жеңіл балалар әндерін орындау
9	Артикуляциялық жаттығулар.	3 сағат	27.10 28.10	Дыбыстарды анық айтуға арналған ережелер	Тіл, жақ, ерінге арналған артикуляциялық жаттығулар
10	Эмоцияны жеткізу әдістері. Патриоттық әндер үйрену	3 сағат	30.10 03.11 04.11	Ән орындаудағы сезім мен эмоцияның маңызы	Ән мәтінін сезініп орындау
11	Дауыс диапазонын кеңейту. Жеңіл әндер үйрену.	4 сағат	06.11 10.11 11.11 13.11	Диапазонды кеңейтудің тәсілдері	Дауыс диапазонын ашу жаттығулары

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Өту мерзімі	Теория	Практика
12	Хорда және жеке орындау. Балаларға арналаған әндер үйрену	3 сағат	17.11 18.11 20.11	Хордағы үндестіктің ерекшеліктері	Хор мен жеке ән айтуды салыстыру.
13	Ән айту барысында тыныс алу. Әндерді орындау.	5 сағат	24.11 25.11	Ән айтудағы тыныс алу ережелері	Ән айту кезінде тынысты дұрыс қолдану
14	Мерекелік әндерді жаттау.	4 сағат	27.11 04.12 08.12 09.12	Жаңа жылдық әндердің мағынасы мен тарихы	Жаңа жылдық әндерді жаттау және орындау
15	Сахналық мәдениет негіздері. Тәуелсіздік туы, мәнгі желбіре!	4 сағат	11.12 15.12 18.12 22.12	Сахнадағы өзін-өзі ұстау ережелері	Қол қимылы, мимика және дене қозғалысын қолдану
16	Жаңа жылдық концерт дайындау. Жаңа жылдық әндер	4 сағат	23.12 25.12 29.12 30.12	Концерттік бағдарлама құру қағидалары	Репетициялар өткізу
17	Жеке вокалды дамыту. Әр түрлі балаларға арналған әндер үйрену	4 сағат	08.01 12.01 13.01 15.01	Жеке орындаудағы ерекшеліктер	Оқушыларға жеке әндер таңдау және жаттау
18	Жаңа репертуармен танысу. Әр түрлі балаларға арналған әндер үйрену	3 сағат	19.01 20.01 22.01	Әртүрлі жанрдағы әндермен жұмыс	Жаңа әндерді орындау
19	Әуендік есту қабілетін дамыту.	3 сағат	26.01 27.01. 29.01	Музыкалық естудің түрлері	Әуенді қайталау және есте сақтау жаттығулары
20	Әннің мағынасын түсіну. Балаларға арналған әндер	4 сағат	02.02 03.02 05.02 09.02	Ән мәтінінің көркемдік ерекшелігі	Әнді сезіммен орындау
21	Әндерді түрлі ырғақпен орындау.	4 сағат	10.02 12.02 16.02 17.02	Ритм мен темпті түсіну	Бір әнді әртүрлі ырғақпен орындау
22	Сахналық қозғалыстарды қолдану.	4 сағат	19.02 23.02 24.02 26.02	Сахналық қозғалыстың рөлі	Қимылмен ән айту жаттығулары
23	Халық әндерін үйрену	4 сағат	02.03 03.03 05.03	Қазақ халық әндерінің ерекшелігі	Халық әндерін орындау

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Өту мерзімі	Теория	Практика
24	Наурыз мерекелік бағдарламасы	4 сағат	09.03 10.03 12.03	Мерекелік әндер мен дәстүрлер	Концертке дайындық
25	Қазақтың дәстүрлі ән айтуы	3 сағат	16.03 17.03 19.03	Дәстүрлі ән орындаудың ерекшеліктері	Дәстүрлі әндерді үйрену
26	Жекелей және топтық ән айту	5 сағат	24.03 26.03 02.04 06.04 07.04	Топтық және жеке орындаудың айырмашылығы	Жеке және хорда ән айту
27	Күрделі әуендерге көшу	4 сағат	09.04 13.04 14.04 16.04	Күрделі әндерді орындау тәсілдері	Күрделі әндерді жаттау
28	Әндерді түрлі жанрларда орындау	5 сағат	20.04 21.04 23.04 27.04 28.04	Әртүрлі жанрлардың ерекшеліктері	Классикалық, эстрадалық, халық әндерін орындау
29	Жылдық жұмысты қорытындылау	4 сағат	30.04 04.05 05.05 07.05	Жыл бойындағы жетістіктерді талдау	Жыл бойы өткен әндерді қайталау
30	Оқушылардың вокалдық дамуын бағалау	4 сағат	11.05 12.05 14.05	Әр оқушының вокалдық деңгейін бағалау	Жеке орындау
31	Жылдық есептік концерт	5 сағат	18.05 19.05 21.05	Концерт ұйымдастыру ережелері	Жылдық концертке дайындық

Вокал үйірмесінің жылдық жоспары (3-4 сыныптар)

Аптасына 4 рет, жылдық жүктеме – 136сағат

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Өту мерзімі	Теория	Практика
1	Үйірмеге қатысушылармен танысу	2 сағат	04.09	Үйірменің мақсаты мен міндеттері, ән айтудың маңызы	Оқушылардың дауыстарын тыңдау, алғашқы жаттығулар
2	Дұрыс тыныс алу техникасы	3 сағат	08.09	Дұрыс тыныс алу түрлері, диафрагмалық тыныс	Тыныс алу жаттығулары, демді ұзақ ұстау
3	Дауыс жаттығулары «Ұстаз-ұлағатты есім» (ұстаздар мерекесіне байланысты әндер)	4 сағат	11.09	Дауыс аппаратының құрылымы, оны жаттықтыру	Гамма және артикуляциялық жаттығулар. Әндерді орындау
4	Ән айтудағы дене ұстанымы.	3 сағат	15.09	Дұрыс позаның маңызы, еркіндік және дене қозғалысы	Айна алдында жаттығулар орындау. Әндерді орындау
5	Қарапайым әуендерді үйрену	4 сағат	18.09	Әуеннің құрылымы, жеңіл балалар әндерінің ерекшелігі	Қарапайым әуендерді айту, ритм сезіну
6	Дыбыс шығару техникасы. «Қарттарын қадірлеген ел ардақты»	3 сағат	22.09	Дыбыс регистрлері (төмен, орта, жоғары)	Әуенді дұрыс дыбыстау жаттығулары
7	Дауыс күшін бақылау. Әндер үйрену	4 сағат	25.09	Дауыс күшін реттеу әдістері	Әуенді баяу және қатты орындап көру
8	Балалар арналған жеңіл әндер үйрену, орындау. Алтын күз мерекесіне орай әндер үйрену	4 сағат	29.09	Балалар әндерінің ритмі мен мелодиясы	Жеңіл балалар әндерін орындау
9	Артикуляциялық жаттығулар.	3 сағат	02.10	Дыбыстарды анық айтуға арналған ережелер	Тіл, жақ, ерінге арналған артикуляциялық жаттығулар
10	Эмоцияны жеткізу әдістері. Патриоттық әндер үйрену	3 сағат	06.10	Ән орындаудағы сезім мен эмоцияның маңызы	Ән мәтінін сезініп орындау
11	Дауыс диапазонын кеңейту. Жеңіл әндер үйрену.	4 сағат	09.10	Диапазонды кеңейтудің тәсілдері	Дауыс диапазонын ашу жаттығулары

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Өту мерзімі	Теория	Практика
12	Хорда және жеке орындау. Балаларға арналаған әндер үйрену	3 сағат	13.10	Хордағы үндестіктің ерекшеліктері	Хор мен жеке ән айтуды салыстыру.
13	Ән айту барысында тыныс алу. Әндерді орындау.	5 сағат	16.10	Ән айтудағы тыныс алу ережелері	Ән айту кезінде тынысты дұрыс қолдану
14	Мерекелік әндерді жаттау.	4 сағат	20.10	Жаңа жылдық әндердің мағынасы мен тарихы	Жаңа жылдық әндерді жаттау және орындау
15	Сахналық мәдениет негіздері. Тәуелсіздік туы, мәңгі желбіре!	4 сағат	23.10	Сахнадағы өзін-өзі ұстау ережелері	Қол қимылы, мимика және дене қозғалысын қолдану
16	Жаңа жылдық концерт дайындау. Жаңа жылдық әндер	4 сағат	27.10	Концерттік бағдарлама құру қағидалары	Репетициялар өткізу
17	Жеке вокалды дамыту. Әр түрлі балаларға арналған әндер үйрену	4 сағат	30.10	Жеке орындаудағы ерекшеліктер	Оқушыларға жеке әндер таңдау және жаттау
18	Жаңа репертуармен танысу. Әр түрлі балаларға арналған әндер үйрену	3 сағат	03.11	Әртүрлі жанрдағы әндермен жұмыс	Жаңа әндерді орындау
19	Әуендік есту қабілетін дамыту.	3 сағат	06.11	Музыкалық естудің түрлері	Әуенді қайталау және есте сақтау жаттығулары
20	Әннің мағынасын түсіну. Балаларға арналған әндер	4 сағат	10.11	Ән мәтінінің көркемдік ерекшелігі	Әнді сезіммен орындау
21	Әндерді түрлі ырғақпен орындау.	4 сағат	13.11	Ритм мен темпті түсіну	Бір әнді әртүрлі ырғақпен орындау
22	Сахналық қозғалыстарды қолдану.	4 сағат	17.11	Сахналық қозғалыстың рөлі	Қимылмен ән айту жаттығулары
23	Халық әндерін үйрену	4 сағат	20.11	Қазақ халық әндерінің ерекшелігі	Халық әндерін орындау
24	Наурыз мерекелік бағдарламасы	4 сағат	24.11	Мерекелік әндер мен дәстүрлер	Концертке дайындық
25	Қазақтың дәстүрлі ән айтуы	3 сағат	27.11	Дәстүрлі ән орындаудың ерекшеліктері	Дәстүрлі әндерді үйрену
26	Жекелей және топтық ән айту	5 сағат	04.12	Топтық және жеке орындаудың айырмашылығы	Жеке және хорда ән айту

№	Сабақ тақырыбы	Сағат саны	Өту мерзімі	Теория	Практика
27	Күрделі әуендерге көшу	4 сағат	08.12	Күрделі әндерді орындау тәсілдері	Күрделі әндерді жаттау
28	Әндерді түрлі жанрларда орындау	5 сағат	11.12	Әртүрлі жанрлардың ерекшеліктері	Классикалық, эстрадалық, халық әндерін орындау
29	Жылдық жұмысты қорытындылау	4 сағат	18.12	Жыл бойындағы жетістіктерді талдау	Жыл бойы өткен әндерді қайталау
30	Оқушылардың вокалдық дамуын бағалау	4 сағат	22.12	Әр оқушының вокалдық деңгейін бағалау	Жеке орындау
31	Жылдық есептік концерт	5 сағат	25.12	Концерт ұйымдастыру ережелері	Жылдық концертке дайындық